ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 20 мамыр № 4360-24-00-2/975 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Zhastar» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ринат Аскарбекович Турешов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер«Zhastar» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ринат Аскарбекович Турешов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Zhastar» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ринат Аскарбекович Турешовтан талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік

коммуналдық кәсіпорнының пайдасына4 266 (төрт мың екі жүз алпыс алты) теңгетұрақсыздық және 128 (жүз жиырма сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Zhastar» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ринат Аскарбекович Турешовтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы үйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс

Судья А.Әбілкайыскызы

Анықтама:

Шешім заңды күшіне енді «02» шілде 2024 жылы.

Судья А.Әбілкайысқызы

Заңды күшіне енген күні 02.07.2024, Судья Әбілкайысқызы А., 02.07.2024